

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan  
L. N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of philology  
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ  
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

**MATERIALS**

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT  
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

**«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»**  
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

оборотов речи, грамматических структур. Стихи, как один из видов речевого общения, являются средством более прочного усвоения и расширения лексического запаса, так как включают новые слова и выражения.

Заучивание стихов не должно стать самоцелью. Нужно добиваться полного понимания и осмысления, как содержания, так и языкового воплощения этого содержания в стихах. Нужно добиваться, чтобы речевой материал из стихов выходил затем непосредственно в речь учащихся, использовался в их межличностном общении. Поэтому стихи должны быть гармоничной частью общего сюжета занятия, соотноситься с темами и ситуациями общения на уроке и во внеурочное время.

### Список литературы:

- 1 Андреевская-Левенстерн Л.С. Методика преподавания французского языка в средней школе. – М.: Просвещение, 1983. – 222 с.
- 2 Артёмов Психология обучения иностранным языкам. – М.: Просвещение, 1992.
- 3 Барышников Н.В. Обучение французскому языку в средней школе: вопросы и ответы: кн. Для учителя. – М.: Просвещение, 1992. – 320 с.
- 4 Береговская Э.М., Туссен М. Синяя птица: Учебное пособие по французскому языку для общеобразовательных учебных заведений. – М.: Просвещение, 1993. – 255 с.
- 5 Береговская Э.М. Французская поэзия на занятиях в кружке // Иностранные языки в школе. – 1983. – №4. – С. 102-104.
- 6 Гальскова Н.Д. Современная методика обучения ИЯ. – М.: Аркти-Гласа, 2002.

ӘОЖ 82-1/29

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІНДЕГІ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН САРАЛАУ ҰСТАНЫМДАРЫ

*Карипбаев Ж.*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, PhD  
Астана қ., Қазақстан*

**Аңдатпа.** Осы мақалада қазақтың аса көрнекті ғалымы А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған саралауы қарастырылып бүгінгі ұстанымдар тұрғысынан талданып салыстырылады.

**Кілтгі сөздер:** ауыз әдебиеті, жанрлар, саралау, ермектеме, сарындама, сауықтама, сарындама, сал сөз, ғұрып сөзі, қалып сөзі

Әр халықтың өнері мен әдебиетінің тарихы, оның даму кезеңдері, жасампаз тұлғалардың мұраларымен көлемімен өлшеніп қана қолмаймайды, ол ең алдымен сол кезеңдерді ғылыми негізде пайымдау, тиісті дәрежеде бағасы беру, маңыздылығы мен зандылықтарын мәнін ашып, мағынансын тарқату арқылы ашылмақ. XX ғасырдың басында, қазақтың сөз өнері мен әдебиетін ғылыми негізде пайымдаған алғашқы зерттеулердің бірі А. Байтұрсынұлының «Әдебиеттанытқыш» еңбегі екені белгілі.

Осы орайда, академик Р. Нұрғали: «Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған оңларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көршілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынов – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану,

фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан» [1. 25] – деген пікірі А. Байтұрсыновтың аталмыш еңбегі жайлы барлық ойды жинақтап бергендей. Сонымен қатар, осы еңбектің тәуелсіздік жылдары жаңғырып қайта шыққанымен әлі де, әлі де ғылыми айналымда А. Байтұрсынов ұсынған терминдер мен жүйелеуі сіңісе алмай жүргені белгілі. Бұндай кенжелеушіліктің объективті себептерінің бірі ретінде ұлттық әдебиеттану ғылымының әлі де советтік, оның ішінде орыс әдебиеттанудың ықпалынан шыға алмай жатқандығымыздан болса, екінші себеп, осы еңбектің әдебиеттанушылар тарапынан әлі де жүйелі негізде зерделенбеуінен деп түсіну керек.

Енді «Әдебиеттанушының» өзіне келетін болсақ, осы еңбек негізгі екі бөлімнен тұрады: алғашқысы – «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталып, сөз өнерін теориялық тұрғыдан саралаған болса, кейінгісі – «Дарынды сөз» деп аталып, мұнда әдебиеттің жанрларын жүйелеп, тарихын сөз етеді. Осы зерттеудің нысаны ретінде белгіленген ауыз әдебиеті осы кейінгі бөлімінде сөз етіледі. Осы тарауда Алаш ғалымы, екі түрлі лебіз барын, біріншісі – жалаң, екіншісі – көрнекі, деп екі салаға бөліп алады. Көрнекі лебізден дарынды сөзді саралап шығарады, ал оны өз атына жазба әдебиет пен ауыз әдебиеттеріне бөліп көрсетеді [2. 102-103].

Жалпы сөз кезеңде қазақта әдебиет болмады, халық сауатсыз надан болды деген сөздер белең алып келе жатқана кезең болатын. Ал қазақтың әдебиетін совет кезеңімен байланыстыру үрдісі де орын алып келе жатты. Осы орайда, А. Байтұрсыновтың осы еңбегі сондай соқтығуларға берген жауап сияқты көрінеді. Бүгінгі күні біз ауызша айтылған мұраны фольклор деп атап жүрміз, алайда осының өзі қате түсінік па деп, күман келтіресің. Себебі, халықаралық деңгейдегі гуманитарлық ғылым саласы фольклорды тек сөз өнері аясымен шектеп қоймай, халықтың әдет-ғұрпын, салтын, рухани және материалдық мәдениетін тұтастай қарайтын пән ретінде түсінеді. Ал фольклорды тек ауызша жеткен әдеби мұрамен байланыстыру советтік кезеңдегі үрдіс деп айту керек. Осы орайда, А. Байтұрсыновтың қолданысындағы «ауыз әдебиеті» деген ұғымы әлдеқайда нақты және әдеби-көркемдік тұрғыда орынды келетіні дау туғыза қоймайды.

Әрі қарай талдай келе Алаш ғалымы, министр мен шығармаларды: ауызша шығарма және жазбаша шығарма деп екіге бөледі. Ол: «Жазу-сызу, өнер ғылымы жоқ анайы халықтарда жазба шығарма болмайды. Ондай халықтардың асыл сөздері анайы тілмен айтылған ауыз шығармалары болады. Сондықтан ондай асыл сөздер ауыз әдебиеті яки анайы әдебиет деп аталады» [2. 109], деп ауыз әдебиетіне анықтама берген. Сонымен қатар, «қай халықтың да болса жазу-сызу, өнер-ғылым білмеген шағы болған. Сондықтан анайы әдебиет халықтың бәрінде де болады» [2. 110], деп те түсіндірген Алаш ғалым.

«Қазақ ауыз әдебиеті жұмсалатын орнына қарай әуелі екі салаға бөлінеді: **1. Сауықтама. 2. Сарындама.**

**Сауықтама** саласына барша сауқ үшін айтылған сөздер кіреді. Сарындама саласында жұрттағы келе жатқан салт-сарынымен айтылған сөздер кіреді» [2. 110], деп екі үлкен тарауға бөледі.

Қысқарта беретін болсақ, сауықтаманы: ермектеме мен зауықтама деген тағы екі салаға бөлінген. Ал енді сауықтама саласы: ермектеме (ермек сөз) және зауықтама деп бөледі.

**Ермектемені:** 1. Ертегі, 2. Ертегісімек, 3. Өтірік өлең, 4. Жұмбақ, 5. Жаңылтпаш, 6. Бас қатырғыш, деген іштей өз ара дараланатын жанрларға саралайды.

**Зауықтаманы:** 1. Ертегі жыр (мұнда эпосты сөз етеді), 2. Тарихи жыр, 3. Айтыс өлең, 4. Үгіт өлең, 5. Үміт өлең, 6. Толғау, 7. Терме, деген жанрларға тармақтайды

**Сарындама** үш тараудан тұрады: **1. Салт сөзі, 2. Ғұрып сөзі, 3. Қалып сөзі.**

**Салт сөзі** – салт сарынымен сөздерді айтады, оларға: 1. Мысалдар, 2. Ділмар сөз, 3. Такпақтар, 4. Мақалдар, 5. Мәтелдер, деп буындайды

**Ғұрып сөзі** – ғұрып бойынша айтылатын сөздер: 1. Той бастар, 2. Жар-жар, 3. Неке қияр, 4. Беташар, 5. Жоқтау, 6. Жарпазан, 7. Бата деп буындайды.

**Қалып сөзі** – тұрмыс қалпында болатын істер сарынымен айтылатын сөздер: 1. Жын шақыру, 2. Құрт шақыру, 3. Дерт шақыру, 4. Бесік жыры [2. 110-142]

Қарап отырсаңыз, бүгінгі күнде де ауыз әдебиетінде осындай жанрлардың барын және олардың көпшілігі осы негізге ұқсас ұстанымдарды арқау ете отырып саралайды.

Ұқсастықтарын сөз ететін болсақ:

Біріншіден, сөз өнерін эстетикалық және тұрмыстық ғұрыпқа орай, сауықтама мен сарындамаға бөледі. Демек, сауықтамаға адам баласына эстетикалық тұрғыда көңілін аулайтын туындыларды жатқызған. Тіпті осы топтың атауының өзі дәлдікпен қойылғанын аңғаруға болады.

Екіншіден, сауықтаманы ерімектеме мен зауықтамаға бөлген кезінде, бүгінгі күнде ауыз әдебиетін прозалық және поэзиялық жанрларға тараулағаны байқалады. Айталық, ертегі – ерімектемеге жатқызылса, ертегі жыр – зауықтамаға жатқызылған. Әрине, арасында араласушылық бар, дегенде негізгі жанрлар сол ұстанымдар бойынша бүгін де саралануда.

Үшіншіден, кей жанрлар бүгінгі кезде өлең мазмұнына орай сараланып жатпайды. А. Байтұрсыновта осы орайда, олқылық жоқ. Айталық ол, өлең мазмұнына қарай, бүгінгі әдебиеттануда қолданылмайтын үгіт және үміт жанрларына бөледі.

Төртіншіден, бүгінгі замандағы саралауда да, ертегі жыр мен тарихи жыр ұқсас, батырлық және тарихи жыр деп бөле қарау бар. Оның мысалға алған негізгі жырлары да бүгінгі күні сол ұстанымдар бойынша бөлінеді.

Өкінішке қарай кейбір жанрлар бүгінгі қолданыстан түсіп қалғаны белгілі, ал жар-жар сияқты жанрдың алғашқы сипаты мүлдем өзгерілген. Қазіргі жар-жар бұрынғы замандағыдай қыз ауылында алқа қотан айтысу мен сыңсу сипатынан айырылып, жігіт жаөтағы үйлену тойында жастарды қарсы алатын жәй ғана ғұрыптық әнге ғана айналған.

Шыны керек, А. Байтұрсыновтың осындай жанрлардға бөлуі және саралауы әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпағанын аңғаруға болады. Сондай-ақ, оның саралауында тарихи және көркемдік ерекшеліктерін, шығарма мазмұнына орай, сынын, бағасын беруі бүгінгі күнде де негізгі ұстаным болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін баспасы, 2002. – 528 б.

2 Байтұрсынов А. Әдебиеттанушы. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы, Атамұра, 2003. – 208 б.

#### **ӘОЖ 17.01.11**

### **ТҮРІК ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ «ӘЙЕЛ» БЕЙНЕСІ**

**Хусаинова А.**

*Alikhan Bokeikhan University докторанты*

*Семей қ., Қазақстан*

*\*Ғылыми жетекші: филол.ғ.к. Тулебаева Қ.*

*E-mail: [uanai@mail.ru](mailto:uanai@mail.ru)*

**Аннотация.** Древнетюркская литература является одним из главных примеров тюркской литературы и казахской устной литературы, общим для всех тюркоязычных народов.

В тюркском мире женщины-матери занимают особое место. Поскольку женская тема является одной из вечных тем, женский образ всегда является основой произведения.

Тенденция изучения женского образа в литературоведении никогда не оставалась незамеченной. Научная статья включала в себя фольклористику, турецкую литературу, в том числе исследования отечественных, российских, турецких тюркологов, которые более глубоко рассматривают образ турецкой женщины, ее место в обществе.